

Көкшетау қалалық мәслихатының 2011 жылғы 7 сәуірдегі № С-45/6 "Көкшетау қаласы бойынша аз қамтамасыз етілген отбасыларға (азаматтарға) тұрғын үй көмегін көрсету Ережесін бекіту туралы" шешіміне өзгерістер енгізу туралы

Күшін жойған

Ақмола облысы Көкшетау қалалық мәслихатының 2011 жылғы 17 маусымдағы № С-47/15 шешімі. Ақмола облысы Көкшетау қаласының Әділет басармасында 2011 жылғы 11 шілдеде № 1-1-149 тіркелді. Күші жойылды - Ақмола облысы Көкшетау қалалық мәслихатының 2015 жылғы 6 қаңтардағы № С-33/3 шешімімен

Ескерту. Күші жойылды - Ақмола облысы Көкшетау қалалық мәслихатының 06.01.2015 С-33/3 (қол қойылған күннен бастап қолданысқа енгізіледі) шешімімен.

Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы «Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» Заңының 6 бабына сәйкес Көкшетау қалалық мәслихаты ШЕШІМ ЕТТІ:

1. Көкшетау қалалық мәслихатының «Көкшетау қаласы бойынша аз қамтамасыз етілген отбасыларға (азаматтарға) тұрғын үй көмегін көрсету Ережесін бекіту туралы» 2011 жылғы 7 сәуірдегі № С-45/6 (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеудің Тізілімінде № 1-1-143 тіркелген, 2011 жылғы 5 мамырда «Көкшетау» газетінде және 2011 жылғы 5 мамырда «Степной маяк» газетінде жарияланған) шешіміне келесі өзгерістер енгізілсін:

аталған шешіммен бекітілген Көкшетау қаласы бойынша аз қамтамасыз етілген отбасыларға (азаматтарға) тұрғын үй көмегін көрсету Ережесінің 2 тармағы жаңа редакциямен баяндалсын:

«2. Жәрдемақы шараларымен қамтамасыз етілетін тұрғын үй көлемінің нормасы 1 адамға 18 шаршы метр, жалғыз тұратын азаматтар үшін жәрдемақы шараларымен қамтамасыз етілетін тұрғын үй көлемінің нормасы 30 шаршы метр мөлшерінде қ а б ы л д а н а д ы .

Электрқуатын беру (тұтыну) нормасы 1 адамға айына 150 квт. сағат б е л г і л е н с і н . » ;

6 тармақ жаңа редакциямен баяндалсын

«6. Тұрғын үй көмегін өтініш берушіден құжаттарды қабылдап алғаннан кейін он күнтізбелік күн ішінде қарайтын және тұрғын үй көмегі тағайындалғаны немесе тағайындаудан бас тарту туралы шешім шығаратын тағайындау және төлеу бойынша өкілетті орган тағайындайды.

Тұрғын үй көмегін тағайындау және төлеу бойынша өкілетті орган шешім қабылдағаннан кейін өтініш берушіге қабылданған шешім жөнінде жазбаша х а б а р л а й д ы » .

2. Осы шешім Ақмола облысының Әділет департаментінде мемлекеттік тіркеуден өткен күннен бастап күшіне енеді және ресми жарияланған күннен бастап қолданысқа енгізіледі.

	Т ө р т і н ш і	ш а қ ы р ы л ғ а н
Көкшетау қалалық	Көкшетау қалалық	мәслихатының
47 сессияның төрағасы	Ж.Балғабаев	
	Т ө р т і н ш і	ш а қ ы р ы л ғ а н
	К ө к ш е т а у	қ а л а л ы қ
мәслихатының хатшысы	Қ.Мұстафина	
«КЕЛІСІЛДІ»		
Көкшетау қаласының әкімі	М.Батырханов	
	«Көкшетау қаласының	жұмыспен
	қамту және	әлеуметтік
	бағдарламалар	бөлімі»
мемлекеттік мекемесінің бастығы	Қ.Ахметов	
	«Көкшетау	қаласының
	қаржы бөлімі»	мемлекеттік
мекемесінің бастығы»	Ө.Ыдырысов	
	«Көкшетау қаласының	экономика
	және бюджеттік	жоспарлау
	жоспарлау	бөлімі»
мемлекеттік мекемесінің бастығы	А.Омарова	